

"Автомобиль, теміржол, ішкі су көлігі және сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 1205 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 823 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2021 жылғы 26 наурыздағы № 133 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 29 наурыздағы № 30 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 2 сәуірде № 22474 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Автомобиль, теміржол, ішкі су көлігі және сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 1205 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 823 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12769 болып тіркелген, 2016 жылғы 10 ақпанда "Әділет" ақпараттық – құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген автомобиль көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген теміржол көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген такси тасымалдаушыларына және таксидің ақпараттық – диспетчерлік қызметтеріне қатысты автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жолаушылар мен багажды тасымалдау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын және (немесе) көрсететін автомобиль

тасымалдаушыларына қатысты автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жүктерді тасымалдау, сондай-ақ ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын және (немесе) ұсынатын автомобиль тасымалдаушыларына қатысты автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген техникалық қарап тексеру операторларына қатысты автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету, электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тармақ иеленушілерге қатысты тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген теміржол көлігінің көмекші қызметіне қатысты теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы ұлттық инфрақұрылым операторына қатысты тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген тасымалдаушыға қатысты теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген қалалық рельстік көлікке (метрополитенге) қатысты теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген қалалық рельстік көлікке (трамвайға) қатысты теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген порттардың және порт құрылыстарының иелеріне қатысты сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы тексеру парағы осы бірлескен бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі*

А. Иргалиев

*Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін атқарушы*

К. Ускенбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2021 жылғы 29 наурыздағы
№ 30 мен Қазақстан
Республикасының Индустрия
және инфрақұрылымдық даму
министрінің міндетін
атқарушының 2021 жылғы 26
наурыздағы № 133 бірлескен
бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының 2015 жылғы 14
желтоқсандағы № 1205 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 823 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Автомобиль көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы автомобиль көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 3-тармағына, 143-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14 қыркүйекте 2018 жылы № 17371 болып тіркелген) мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларына және тексеру парақтарының нысанына сәйкес әзірленген.

2. Өлшемшарттарда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автомобиль көлігі саласындағы бақылау субъектілері (объектілері) – таксимен тасымалдаушылар және ақпараттық - диспетчерлік такси қызметтері, автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері қызметтерін көрсететін адамдар, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін автомобильмен тасымалдаушылар, жүк жөнелтуші және (немесе) жүк алушы ретінде әрекет ететін адамдар, қауіпті жүкті тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін автомобильмен тасымалдаушылар, ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін автомобильмен тасымалдаушылар, халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыратын автомобильмен тасымалдаушылар, тез бұзылатын жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін автомобильмен тасымалдаушылар, техникалық қарап-тексеру операторлары, тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын адамдар, электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын адамдар;

2) елеулі бұзушылық – адамның өміріне немесе денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделері үшін қолайсыз оқиғалардың туындауына әкелетін, тез бұзылатын жүктерді автомобильмен тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ тахографтарды орнату және оларға қызмет көрсету, электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде автомобиль көлігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу;

3) елеулі емес бұзушылық – адамның өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қауіп төндірмейтін, бірақ міндетті сипаттағы автомобиль көлігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу;

4) өрескел бұзушылық – адамның өміріне, денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қауіп төндіретін, автокөлік құралдарын пайдалана отырып, жолаушылар мен багажды, қауіпті жүктерді, ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді автомобильмен тасымалдауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру, халықаралық автомобиль тасымалдарын, такси тасымалдарын және ақпараттық - диспетчерлік такси қызметтерін жүзеге асыру, сондай-ақ, міндетті техникалық қарап тексеруді жүргізу қызметтерін көрсету, автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметтерін және жүк жөнелтуші және (немесе) жүк алушы ретінде әрекет ететін адамдардың қызметтерін көрсету кезінде автомобиль көлігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды бұзу;

5) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өміріне немесе денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

6) тәуекелдерді бағалау жүйесі – бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды белгілеу мақсатында бақылау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары.

9) тексеру парағы – орындалмауы адам өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қауіп төндіруге алып келетін бақылау субъектілерінің қызметіне қойылатын талаптарды ғана қамтитын талаптар тізбесі.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

4. Автомобиль көлігі саласындағы тәуекелді анықтау автокөлік құралдарын пайдалану қауіпсіздігін сақтамауына байланысты тексерілетін субъектінің қызметі

нәтижесінде адамның өміріне немесе денсаулығына, жеке және заңды тұлғаларының заңды мүддесіне зиян келтіру ықтималдығына қарай жүзеге асырылады.

5. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне:

- 1) такси тасымалдаушылары мен ақпараттық - диспетчерлік такси қызметі;
- 2) жолаушылар мен жүктерді тасымалдау бойынша қызмет көрсететін автомобильмен тасымалдаушылар;
- 3) жүк жөнелтуші және/немесе жүк алушы ретінде әрекет ететін тұлғалар;
- 4) қауіпті жүкті тасымалдау бойынша қызмет көрсететін автомобильмен тасымалдаушылар;
- 5) ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау бойынша қызмет көрсететін автомобильмен тасымалдаушылар;
- 6) халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыратын автомобильмен тасымалдаушылар;
- 7) автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне қызмет көрсететін тұлғалар;
- 8) техникалық қарап-тексеру операторлары жатады.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайтындарға:

- 1) тез бүлінетін жүктерді тасымалдау бойынша қызмет көрсететін автомобильмен тасымалдаушылар;
- 2) тахографтарды орнату және қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын тұлғалар;
- 3) электрондық (цифрлық) тахографтарға электрондық карточкаларды дайындау және беру бойынша қызметті жүзеге асыратын тұлғалар жатады.

6. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу мақсатымен субъективті өлшемшарттар қолданылады.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

7. Субъективті өлшемшарттарды анықтау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) деректер қорын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

8. Субъективті өлшемшарттарды бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) алдыңғы тексерулер және бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері;

2) бақылау субъектісі беретін, оның ішінде мемлекеттік органдар, мекемелер және салалық ұйымдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы берілетін есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері;

3) бақылау субъектісінің кінәсінен пайда болған қолайсыз оқиғалардың болуы. Қолайсыз оқиғаларға өрт, оқиғалар, оқыс оқиғалар, авариялар, апаттар, жол-көлік оқиғалары және автомобиль көлігіндегі өзге де төтенше жағдайлар жатады;

4) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсынымдар);

5) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны, мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау;

6) мемлекеттік уәкілетті органдар және ұйымдар берген мәліметтерді талдау нәтижелері.

Тәуекелдерді бағалау тиімділігін арттыру мақсатында басқа мемлекеттік органдармен өзара ақпаратпен алмасу бойынша жұмыс жүргізіледі.

9. Осы өлшемшарттардың 8-тармағында көрсетілген ақпарат көздері негізінде бағалауға жататын субъективті өлшемшарттар анықталады.

Талдау мен бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өтіп кеткен деректер қолданылмайды.

10. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты субъективті өлшемшарттар анықталады, олар осы өлшемшарттарға сәйкес бұзушылық дәрежесіне – өрескел, елеулі және елеулі емес дәрежелерге сәйкес келеді.

Субъективті өлшемшарттарды қалыптастыру кезінде бұзушылық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеулі емес) өрескел, елеулі, елеулі емес бұзушылықтардың белгіленген анықтамаларына сәйкес беріледі.

11. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша бағаланады.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі):

1) тәуекелдің жоғары дәрежесіне - тәуекел дәрежесі 61-ден бастап 100-ге дейін көрсеткіші болған кезде және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

2) тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатпайтын - тәуекел дәрежесі 0-ден 60-қа дейін қоса алғанда көрсеткіш болған кезде және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

12. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізудің мерзімділігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша айқындалады және жылына ең көбі бір реттен аспайды.

13. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес құрылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

14. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші жоғары бақылау субъектісінің басымдығын ескерумен жасалады.

4-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі

15. Осы өлшемшарттардың 11-тармағына сәйкес бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Елеулі және елеулі емес көрсеткіштерді анықтау кезіндегі әрбір анықталған бұзушылық жеке бұзушылық ретінде есептеледі.

Бір өрескел бұзушылық анықталған жағдайда, бақылау субъектісіне тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылық анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және елеулі емес дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7$$

мұндағы:

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Елеулі емес бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3$$

мұндағы:

SP_n – елеулі емес бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – елеулі емес бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған елеулі емес бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және елеулі емес бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H$$

мұндағы:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_H – елеулі емес бұзушылықтардың көрсеткіші.

Автомобиль көлігі саласындағы
тәуекелдер дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
қосымша

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті критерийлері

№	Өлшемшарттардың атауы	Бұзушылықтар дәрежесі
	Алдыңғы тексерулердің және бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері	
1.	Жергілікті атқарушы органға қызметті жүзеге асыра бастағаны туралы хабарламаны жіберусіз таксимен тасымалдаушы ретінде қызметті жүзеге асыру	өрескел
2.	Такси тасымалдау үшін арнаулы басқаруы бар, оның ішінде барлығы қолмен, басқару рулі оң жақтағы, сондай-ақ бүйірлік есіктерінің саны төртеуден кем автокөлік құралдарын пайдалану	өрескел
3.	Такси тасымалдаушысының автокөлік құралдарын рейс алдындағы техникалық куәландырудан өтуін, сондай-ақ такси жүргізушілерін рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексеруден өткізуді борт журналына немесе жол қағазына белгі қоя отырып, профилактикалық медициналық тексеруді жүзеге асыруға шарт жасалған жоғары немесе орта медициналық білімі туралы дипломы бар адамның қамтамасыз етпеуі	өрескел
4.	Таксидің ақауы болған жағдайда оны уақтылы ауыстырмау	өрескел
5.	Такси салонында жолаушылар көретіндей жерде жүргізушінің фотосуреті бар, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) көрсетілген визит карточкасының, сондай-ақ: тасымалдаушының ресми атауы, оның мекенжайы мен телефон нөмірі және 1 километрге дейінгі жол жүру құны, сондай-ақ таксометр болған кезде жол жүрудің кейінгі қашықтығы үшін жол жүру құны көрсетілген ақпараттық таблоның болмауы	елеулі емес

6.	Такси жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимін сақтауын қамтамасыз етпеуі	өрескел
7.	Жолаушыларды және багажды тасымалдау үшін бірыңғай түстік гаммада ресімделмеген таксиді сыртқы жағынан бір деңгейде жеңіл автомобильдің бүйірлік жағын барлық ұзындығы бойынша түсіру жолымен пайдалану, оның шанағының түсі такси тасымалдаушысының өзімен айқындалатын, шахмат тәртібімен орналасқан қара және (немесе) сары шаршылардан тұратын, биіктігі кемінде 10 және 14 сантиметрден аспайтын белдеуді қамтитын таксилерді пайдалану	елеулі емес
8.	Такси тасымалдаушысының төбесінде орналасқан және 500 метрге дейінгі қашықтықтан жақсы ажыратылатын тану белгісімен таксиді жабдықтау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтамауы. Таксиде "Т" (такси) деген жазуы бар тану белгісінің және/немесе өзіне тән шашкалы белдеуінің және тәуліктің қараңғы уақытында жарық беретін белгісінің болмауы	елеулі емес
9.	Тасымалдаушы болып табылмайтын адам құратын ақпараттық-диспетчерлік қызметтің клиенттердің тапсырыстарын есепке алуды жүргізуді және оларды қағаз немесе электрондық нысанда такси жүргізушісіне беруді қамтамасыз етпеуі	елеулі
10.	Жол жүру құжаттамасын ресімдеуді қамтамасыз етпеу	елеулі
11.	Өзге тұлға құратын таксидің ақпараттық-диспетчерлік қызметінде таксиді тасымалдаушы ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарлама берген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тізіліміне енгізілген такси тасымалдаушыларымен ақпараттық-диспетчерлік қызмет көрсету жөнінде жасалған шарттың болмауы	өрескел
12.	Автовокзалдарда және автостанцияларда автобустардың және шағын автобустардың тұрағы үшін алаңшалардың болмауы	өрескел
13.	Автовокзалдарда және автостанцияларда жолаушыларға арналған күту залының болмауы	өрескел
14.	Автовокзалдар мен автостанцияларда билет сату кассасының (кассаларының) болмауы	елеулі
15.	Автовокзалдар мен автостанцияларда багажды сақтау камерасының (камераларының) болмауы	елеулі
16.	Автовокзалдарда ана мен бала бөлмесінің болмауы	елеулі
17.	Автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері әкімшілігімен осы қызмет түріне рұқсат етілген жолаушылар мен багажды тасымалдаушылармен шарт жасасудан бас тарту	өрескел
18.	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың автовокзалдар (автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері) аумағынан және жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттары бойынша жолаушыларды отырғызуды жүргізуі	өрескел
19.	Автовокзалдар мен автостанцияларда диспетчерлік пункттердің болмауы	өрескел
20.	Автовокзалдар мен автостанцияларда персонал мен жолаушылар үшін санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың болмауы	елеулі
21.	Автовокзалдар мен автостанцияларда жүргізушілер демалатын қызметтік үй-жайлардың болмауы	өрескел
22.	Автовокзалдарда қоғамдық тамақтану пункттерінің болмауы	елеулі емес

23.	Автовокзалдарда автобустар мен шағын автобустарды тексеруге арналған бекеттердің болмауы	өрескел
24.	Автовокзалдарда қоғамдық тәртіпті қорғау пунктiнiң болмауы	елеулі
25.	Автовокзалдарда медициналық көмек пунктiнiң және дәріхана киоскiлерiнiң болмауы	елеулі
26.	Автовокзалдарда Интернет желісіне сымсыз қол жеткізу нүктелерінің болмауы	елеулі емес
27.	Автовокзалдарда жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерінде, жолаушыларға арналған күту залында, автобустар мен шағын автобустардың тұрағына арналған алаңдарда бейнебақылаудың болмауы	елеулі емес
28.	Автовокзалдарда діни рәсімдер жасау үшін бөлменің болмауы	елеулі емес
29.	Жеке немесе заңды тұлғалардың автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы электрондық немесе қағаз нысанда хабарлама беру жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзуы	өрескел
30.	Автовокзалдар бес мың шаршы метрден кем аумақта, автостанцияларды екі жарым мың шаршы метрден кем аумақта орналастыру	өрескел
31.	Жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің құрамында: жолаушыларды қауіпсіз отырғызуға және түсіруге, багажды тиеуге және түсіруге арналған алаңдардың, автобустардың тұрағына арналған алаңдардың, жол жүру құжаттарын (билеттерді) және багаж түбіртектерін сатуға арналған орындардың және жолаушыларды әртүрлі ауа райы жағдайларынан қорғауға арналған құрылыстардың болмауы	өрескел
32.	Автовокзалдарда жолаушылар мен багажды қалааралық облысаралық тұрақты тасымалдау маршруттарында жұмыс істейтін автобустар, шағын автобустар жүргізушілеріне еңбек және демалыс режимінің шарттары бойынша оларға тұрақты тұратын жерінен басқа жерде демалуға тура келген жағдайда, демалуға (ұйқыға) арналған арнайы жабдықталған үй-жайлардың болмауы. Жүргізушілердің демалыс бөлмелерінде суық және ыстық суы бар душ бөлмесі, күндізгі уақытта демалысты қамтамасыз етуге арналған қараңғылаушы перделердің болмауы. Бөлмелерде жүргізушілердегі құнды заттарды, сатылған билеттердің ақшасын, сондай-ақ жол жүру құжаттарының (билеттердің) бланкілері мен багаж түбіртектерін сақтау мүмкіндігін қамтамасыз етпеу	елеулі
33.	Тасымалдаушылар мен автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің әкімшілігі арасында жасалатын шартсыз жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық, қалааралық облысаралық, ауданаралық, ауданішілік және қала маңындағы тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын автовокзалдарға, автостанцияларға және жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне қызмет көрсету. Автовокзалдар, автостанциялар және жолаушыларға қызмет көрсету пункттері қызметінің осы түріне рұқсат етілген жолаушылар мен багажды тасымалдаушылармен шарт жасасуды қамтамасыз етпеу	өрескел
34.	Автовокзалдарда, автостанцияларда және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінде жолаушыларды автобустардың қозғалысы (автобустардың, шағын автобустардың қозғалыс кестесі), жол жүру және багажды алып жүру шарттары және көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша нақты, толық және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз етуге	елеулі

	арналған анықтамалық-ақпараттық қызметтің жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етпеу. Көрнекі анықтама, дауыстап айту байланысы және ауызша анықтама арқылы жолаушыларды ақпараттық қамтамасыз етпеу	
35.	Көлік кәсіпорындары мен тасымалдаушылардың өздеріне берілген жерлерді нысаналы мақсатына және оларды беру шарттарына сәйкес пайдалану жөніндегі міндеттерін орындамауы	елеулі
36.	Автовокзалдар, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері және кассалық пункттердің жолаушыларды тұрақты емес тасымалдауға жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуы	елеулі
37.	Автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын автобустар мен шағын автобустардың рейстеріне, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендер арасында жол жүруге жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуы	өрескел
38.	Жол жүру құжаттарын (билеттерді) алдын ала сату, оның ішінде автобус, шағын автобус жөнелтілгенге дейін күнтізбелік 30 күн бұрын және автобус, шағын автобус жөнелтілгенге дейін 24 сағат ішінде билетті сатып алуға тапсырысты ресімдеу	елеулі емес
39.	Автобус, шағын автобус жөнелтілгенге дейін 5 минут ішінде жол жүру құжаттарын (билеттерді) ағымдағы сатуды жүзеге асыру	елеулі емес
40.	Талап етілмеген багажды сақтау камерасында алты ай бойы сақтауды қамтамасыз етпеу. Талап етілмеген багажды көрсетілген мерзім өткеннен кейін жоймау	елеулі емес
41.	Өзінің қасиеттері бойынша басқа жолаушылардың заттарын ластайтын немесе зақымдайтын, сондай-ақ өртену қаупі бар, жарылғыш, улағыш, улы, өткір және күлімсі иісті заттарды сақтауға қабылдау	өрескел
42.	Багажды автоматты емес сақтау камерасына тапсыру кезінде багаждың иесіне: сақтау камерасының деректемелері, күні, багаж иесінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), сақтауға қабылданған багаж орындарының саны, сақталу мерзімі, багаждың көрсетілген құны (иесі қалаған кезде), багажды сақтау ақысының сомасы, багаж орамасының ақаулықтары (бар болған жағдайда) көрсетілген түбіртектің жазып берілмеуі	елеулі емес
43.	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушының рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексеру жүргізу, автокөлік құралдары жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимін сақтау жөніндегі міндеттерді орындамауы	өрескел
44.	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушының азаматтардың жекелеген санаттарын тегін тасымалдау немесе оларға жол жүру ақысы бойынша өзге де жеңілдіктер беру жөніндегі міндеттерді орындамауы	елеулі
45.	Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушының тасымалдауды ұйымдастырушыға ақпарат бере отырып, автокөлік құралын жылдамдық, маршрутты және қозғалыс кестесін сақтау туралы нақты уақыт режимінде деректерді үздіксіз беру құрылғыларымен жабдықтау жөніндегі міндеттерді орындамауы	өрескел

46.	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушының жолаушылар мен багажды тасымалдауға арналған тарифтерді жариялау, оларды шарттарда, жол жүру құжатында (билетте) және багаж түбіртегінде тіркеу жөніндегі міндеттерді сақтамауы	елеулі
47.	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыда рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық қарап-тексеруден және автокөлік құралын техникалық қарап-тексеруден өткені туралы белгісі бар борт журналының болмауы	өрескел
48.	Жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушының жолаушыларды қауіпсіз отырғызуды және түсіруді қамтамасыз етпеуі	өрескел
49.	Тасымалдаушының жергілікті атқарушы органдармен жасасқан жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру шартының талаптарын сақтамауы	елеулі
50.	Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру шартында маршрутта пайдаланылатын автобустардың, троллейбустардың, шағын автобустардың қозғалыс кестесінің, түрі (классы) мен санының болмауы	елеулі
51.	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың жолаушыларды автовокзалдар (автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері) аумағынан және жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттары бойынша отырғызуы	өрескел
52.	Республикаішілік қатынаста тұрақты емес тасымалдау кезінде тапсырыс беруші мен тасымалдаушы арасында жазбаша нысанда жасасқан жолаушылар мен багажды тасымалдау шартының болмауы	өрескел
53.	Шағын автобустармен жолаушылар тасымалдауға жиырма бір жасқа толмаған және "D1" кіші санатындағы көлік құралдарын басқару құқығы және кемінде үш жыл жүргізуші жұмыс өтілі, оның ішінде кемінде бір жыл "C" санатына жататын көлік құралдарын басқару өтілі жоқ жүргізушілерді жіберу. Кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде "D1" кіші санатына жататын көлік құралдарын басқару өтілі кемінде үш жыл, жүргізуші орнынан басқа, он алтыдан артық отыратын орны жоқ автобустармен және жиырма бес жасқа толмаған жүргізушілердің троллейбустарымен жолаушыларды тасымалдауға рұқсат беру	өрескел
54.	Ұйымдастырылған балалар тобын сары түсті жарқылдауық шамшырақпен жабдықталмаған автобустарда тасымалдау	елеулі
55.	Ұйымдастырылған балалар тобын алдында және артында "Балаларды тасымалдау" тану белгісі орнатылмаған автобустармен тасымалдау	елеулі
56.	Ұйымдастырылған балалар тобын тасымалдауды тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар кемінде жиырма бес жастағы жүргізушілердің жүзеге асыруы	өрескел
57.	Ұйымдастырылған балалар тобын автомобильмен тасымалдау кезінде кемінде екі есігі бар автобустарды пайдалану	елеулі
58.	Автокөлік құралдарын рейс алдындағы техникалық қарап-тексеруден және жүргізушілерді рейс алдындағы және рейстен кейінгі	елеулі

	<p>медициналық қарап-тексеруден өткізу үшін қызметтер мен білікті персоналдың болмауы не сәйкес келмеуі не тиісті ұйымдармен шарттардың болмауы</p>	
59.	<p>Жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың автобустардың, шағын автобустардың, троллейбустардың рейс алдындағы (ауысым алдындағы) техникалық қарап - тексеруді және олар жарамсыз болған жағдайда уақтылы ауыстыруды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындамауы</p>	өрескел
60.	<p>Жылжымалы құрамның, жөндеу және өндірістік базаның, техникалық құралдардың, тиеу-түсіру механизмдерінің, бақылау-өлшеу аппаратурасының, жабдықталған қызметтік үй-жайдың немесе тиісті ұйымдармен шарттардың сәйкес келмеуі</p>	өрескел
61.	<p>А в т о б у с т а р д ы : 1) жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркейтін бақылау құрылғыларынсыз (тахографтар)); 2) ақаусыз тахографпен сөндірілген; 3) толтырылмаған диаграммалық дискілермен; 4) бұрын пайдаланылған диаграммалық дискілерді қолдана отырып; 5) электрондық (цифрлық) тахографтар қолданылған жағдайда электрондық карточкаларды пайдаланбай; 6) жолаушылар мен багажды автомобильмен халықаралық тасымалдауды, жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық облысаралық тұрақты тасымалдауды, жолаушылар мен багажды автомобильмен қалааралық облысаралық, қалааралық облысаралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жүргізушілердің еңбек және демалыс режимінің күнделікті тіркеу парақтарын жүргізбестен (бақылау құрылғысы бұзылған жағдайда) пайдалану</p>	өрескел
62.	<p>Автобустарда жүкті, оның ішінде багажды багаж қоятын бөлімшеден тыс орында тасымалдау</p>	өрескел
63.	<p>Жолаушылар мен багажды халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттердің арасында жолаушыларды тасымалдау</p>	елеулі
64.	<p>Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінген автокөлік құралдарымен тасымалдауды қоспағанда, шет мемлекеттің аумағында тіркелген автокөлік құралдарымен Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан пункттер арасында жолаушыларды, багажды, жүктерді тасымалдау бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру</p>	өрескел
65.	<p>Әр жүргізушінің толтырылған диаграммалық дискілерін соңғы жазба жазылған күннен бастап кемінде 12 ай бойы және тахографтарды тексеру туралы куәліктерді тасымалдаушының тахографтарды кезең сайын тексеру туралы куәліктерімен бірге оларды берген күннен бастап бір жыл бойы сақтауын қамтамасыз етпеуі</p>	елеулі емес
66.	<p>Тасымалдаушының жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жүргізушінің рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық куәландырудан және автокөлік құралының техникалық қарап-тексеруден өткені туралы белгілері бар, тасымалдаушы ауысымға немесе рейске ресімделетін автокөлік құралында жол жүру парағының болуын қамтамасыз етпеуі</p>	елеулі
	<p>Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық) және қала маңындағы тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде</p>	

67.	жүргізушілер мен кондукторларды бірыңғай нысанды киіммен қамтамасыз етпеу	елеулі емес
68.	Аумақтық көліктік бақылау органдарымен келісу бойынша бір жолғы сипаттағы халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды тасымалдау кезінде тасымалдаушының жол жүру парағын толтырмауы	елеулі
69.	Жолаушыларды автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдауды, сондай-ақ жолаушыларды лицензияға берілген лицензияға қосымшада көрсетілмеген халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру	өрескел
70.	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде шұғыл қимылдайтын жедел қызметтерді шақыру құрылғыларымен жабдықталмаған автокөлік құралдарын пайдалану	өрескел
71.	Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршрутында жұмыс істеу құқығын растайтын әрбір пайдаланылатын көлік құралына автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган куәландырған куәліктің немесе көшірменің болмауы	өрескел
72.	Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тасымалдауды ұйымдастырушыға нақты уақыт режимінде ақпарат бере отырып, спутниктік навигация аппаратурасымен жабдықталмаған автокөлік құралдарын пайдалану	елеулі
73.	Қозғалыс кестесін бұза отырып тұрақты халықаралық тасымалдарды жүзеге асыру (тасымалдаушының қозғалыс кестесі мен схемасын өз бетінше өзгертуі) және рұқсат беру құжаттарының қолданылу кезеңінде күнтізбелік 15 күн ішінде маршрутта тасымалдарды орындамау	елеулі
74.	Тасымалдаушыда 1, 6 және 7 - сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсаттың болмауы	өрескел
75.	1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдайтын автокөлік құралдарында жылдамдық, қозғалыс маршрутының сақталуы туралы нақты уақыт режимінде деректерді үзіліссіз жіберу жабдықтарының болмауы	өрескел
76.	Қауіпті жүктерді автокөлік құралымен тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілердің мынадай талаптарға сәйкес келмеуі: 1) тиісті санаттағы көлік құралын жүргізуге арналған куәліктің болуы; 2) осы санаттағы көлік құралының жүргізушісі ретінде кемінде үш жыл үзіліссіз жұмыс өтілінің болуы; 3) кәсіби жүргізушілер үшін жалпы медициналық куәландырудан және рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық қарап-тексеруден өту және жол жүру парағына белгі қою; 4) жүргізушіні Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға рұқсат беру туралы куәліктің болуы	өрескел
77.	Қауіпті жүктерді автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жүк автомобильдерін, оның ішінде мамандандырылған автомобильдерді : 1) жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркейтін бақылау құрылғыларының (тахографтар)); 2) сөндірілген ақаусыз тахографпен; 3) толтырылмаған диаграммалық дискілермен; 4) бұрын пайдаланылған диаграммалық дискілерді қолдана отырып; 5) электрондық (цифрлық) тахографтар қолданылған жағдайда электрондық карточкаларды пайдаланбай;	өрескел

	6) жүргізушілердің еңбек және демалыс режимінің күнделікті тіркеу парақтарын жүргізбестен (бақылау құрылғысы бұзылған жағдайда) пайдалану	
78.	Әр жүргізушінің толтырылған диаграммалық дискілерін соңғы жазба жазылған күннен бастап кемінде 12 ай бойы және тахографтарды тексеру туралы куәліктерді тасымалдаушының тахографтарды кезең сайын тексеру туралы куәліктерімен бірге оларды берген күннен бастап бір жыл бойы сақтауын қамтамасыз етпеуі	елеулі емес
79.	Қауіпті жүкті тасымалдау кезінде мынадай ілеспе құжаттардың б о л м а у ы : 1) автокөлік құралына тіркеу құжаттары; 2) "Қауіпті жүк" белгісі бар, тасымалдау маршруты көрсетілген жол жү р у п а р а ғ ы ; 3) жүргізушілерге арналған нұсқаулық; 4) Қазақстан Республикасының аумағына автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат етілген қауіпті жүктер тізбесіне сәйкес 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдау маршрутының бланкісі; 5) тауар-көлік жүккұжаты; 6) жүк жөнелтуші әзірлеген авариялық жағдайда іс-қимыл жоспары; 7) тасымалдаушының, жүк жөнелтушінің, жүк алушының, қозғалыс маршруты бойынша орналасқан көлікті қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуді бақылау, жол қозғалысы қауіпсіздігі, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың мекенжайлары мен телефондары	өрескел
80.	Тасымалдаушының қауіпті жүкті тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілерге рейс алдындағы нұсқаулықтың жүргізілуін қамтамасыз етпеуі	елеулі
81.	Көлік құралдарын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәліктің болмауы	өрескел
82.	Тасымалдаушының жол жүру парақтары мен тауар-көлік жүкқұжаттары қозғалысын есепке алу журналдарымен бірге автокөлік құралының жол жүру парақтарын және тауар-көлік жүкқұжаттарын бес жыл бойы сақтауын қамтамасыз етпеуі	елеулі
83.	Қауіпті жүкті тасымалдайтын автокөлік құралдарын бақылаусыз төгілу, қауіпті жүк шығарынды болған жағдайда халықты хабардар етудің жергілікті жүйесімен жабдықтамау	өрескел
84.	Қауіпті жүкті тасымалдайтын автокөлік құралдарын шұғыл қимылдайтын жедел қызметтерді шақыру құрылғыларымен жабдықтамау	өрескел
85.	Қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін арнайы даярлау курстарын ұйымдастыру қағидаларының талаптарын сақтамау	өрескел
86.	Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсаттардың болмауы	өрескел
87.	Тасымалдаушының автокөлік құралының жол жүру парақтары және тауар-көлік жүкқұжаттарының жол жүру парақтары мен тауар-көлік жүкқұжаттары қозғалысын есепке алу журналдарында тіркеуде болуын және тасымалдаушыда журналдармен бірге бес жыл бойы сақталуын қамтамасыз етпеуі	елеулі

88.	Тасымалдаушының автокөлік құралдарын пайдалану процесінде автокөлік құралдарының рейс алдында техникалық қарап - тексеруден өтуін қамтамасыз етпеуі	өрескел
89.	Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарын, сондай-ақ бүркемелеу автомобильдері қызғылт немесе сары түсті арнайы жарық беру сигналдарымен (жарқылдауық маяктармен) жабдықтамау	елеулі
90.	Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өтуін жүзеге асыру кезінде арнайы рұқсатқа қандай да бір өзгерістер немесе толықтырулар енгізу	өрескел
91.	Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өтуін жүзеге асыру кезінде белгіленген қозғалыс бағыттарынан ауытқу	өрескел
92.	Тиеу-түсіру жұмыстары кезінде тасымалдаушының Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін параметрлерін сақтау мақсатында жүктің салынуы мен бекітілуіне бақылауды жүзеге асырмауы	өрескел
93.	Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының арнайы рұқсатсыз мамандандырылған автомобиль-цистерналарда тасымалданатын жүксіз немесе бөлінбейтін жүкпен не сұйық жүкпен, сондай-ақ арнайы рұқсаттың мерзімі өткен кезде жүріп өтуі	өрескел
94.	Арнайы рұқсаты бар мамандандырылған автомобиль-цистерналарда тасымалданатын бөлінбейтін жүк не сұйық жүк болып табылмайтын жүгі бар ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өтуі	өрескел
95.	Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралы параметрлерінің бірінің арнайы рұқсатта көрсетілгеннен асып кетуі	өрескел
96.	Карьерлерде жүк жөнелтушінің: 1) карьердің ішіндегі жолдың өтетін бөлігін төменгі еңіс жағынан биіктігі 0,7 метр топырақ үйіндісімен немесе қорғаныш қабырғамен қоршауды; 2) карьер ішіндегі жолдың 8 градустан артық еңісі болған кезде, жолдың өрінен бастап, 100 метрден аспайтын қашықтықта ұзындығы 50-100 метр еңіссіз жол учаскесін жабдықтауды; 3) еңістері бар тиеу алаңшаларында автокөлік құралы дөңгелектерінің астына тіреулер қоюды; 4) автокөлік құралының қозғалысына кедергі жасайтын көмірдің, кеннің және басқа да пайдалы қазбалардың кесектерін жинауды; 5) карьер ішіндегі жолға қажет кезде шаңды кетіру үшін су шашуды; 6) карьер ішіндегі жұмыс орындарына жарық орнатуды қамтамасыз етпеуі	өрескел
97.	Жүк жөнелтушінің (жүк алушының) тауар-көлік жүккүжатында және (немесе) жол жүру парағында автокөлік құралының тиеу (түсіру) пунктіне (нен) келген (кеткен) уақытын белгілеуді қамтамасыз етпеуі	елеулі емес
98.	Жүк жөнелтушінің автокөлік құралын тиеу процесінде жол берілетін салмақтық және көлемдік параметрлерді арттыруы	өрескел
99.	Жүктерді тауар-көлік жүккүжаттарын, ал үйіп (бос) тасымалданатын жүктердің кейбір түрлерін тасымалдаған жағдайларда өлшеу актісін немесе таразыға тарту актісін ресімдемей тасымалдау	өрескел

100.	Жүк жөнелтушінің (жүк алушының) тиеу және түсіру пункттерінде тиеу-түсіру және қосалқы жұмыстарды жүргізуге арналған штаттық және қосалқы жабдықтың болуын қамтамасыз етпеуі	елеулі емес
101.	Жүк жөнелтушінің (жүк алушының) тиеу және түсіру пункттерінде кез келген ауа райы жағдайында автокөлік құралдарының тиеу (түсіру) орнына еркін және қауіпсіз өтуін қамтамасыз ететін кірме жолдардың болуын қамтамасыз етпеуі	елеулі
102.	Жүк жөнелтушінің (жүк алушының) тиеу және түсіру пункттерінде қажетті құжаттарды сапалы және уақтылы ресімдеуді қамтамасыз ету үшін жеке үй-жайдың болуын қамтамасыз етпеуі	елеулі емес
103.	Жүк жөнелтушінің (жүк алушының) тиеу және түсіру пункттерінде жөнелтілетін және келіп түсетін жүктің массасын анықтауға мүмкіндік беретін бақылау-өткізу пункттерінің, таразы және басқа да жабдықтардың, сондай-ақ жүктерді түсіргеннен кейін автокөлік құралдарының шанақтарын тазалау, жуу және дезинфекциялау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған арнайы орындардың болуын қамтамасыз етпеуі	өрескел
104.	Тауар-көлік жүкқұжатын жасаумен расталатын, жүк жөнелтуші (жүк алушы) мен тасымалдаушы арасында жасалған қауіпті жүкті тасымалдауды жүзеге асыруға арналған шарттың болмауы	елеулі
105.	Қауіпті жүктерді тиеуді және түсіруді осы жұмыстарды жүргізуге рұқсаты (кіру рұқсаты) жоқ жүк жөнелтушінің, жүк алушының жүзеге асыруы	өрескел
106.	Жүк жөнелтушінің тасымалдаушыға қауіпті жүктерді тасымалдауға жасалған шартпен бірге мыналарды: 1) әрбір автокөлік құралына ақпараттық табло; 2) қауіпті жүктің әрбір түріне жүргізушіге арналған нұсқаулықты ұсынбауы	өрескел
107.	Жүк жөнелтушінің тасымалдаушыға өзі ресімдеген тауар-көлік жүкқұжатымен бірге тиеу алдындағы жүктің нақты температурасын, сондай-ақ жүктер мен ораманың сапалық жай-күйін, сондай-ақ көкөністер мен жемістерді тасымалдау кезіндегі помологиялық сорттардың атауын көрсете отырып, тез бүлінетін жүктерді тасымалдау үшін қажетті құжаттарды ұсынбауы	елеулі емес
108.	Жүк жөнелтушінің тауар-көлік жүкқұжаттарының қозғалысын есепке алу журналдарымен бірге тауар-көлік жүкқұжаттарын бес жыл ішінде сақтауын қамтамасыз етпеуі	елеулі
109.	Халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат куәлігінің болмауы	өрескел
110.	Халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат карточкасының болмауы	өрескел
111.	Жүктерді халықаралық автомобиль тасымалдауларды жүзеге асыру кезінде автобустарды, жүк автомобильдерін, оның ішінде арнайы бейімделген автомобильдерді: 1) жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркеудің бақылау құрылғыларының (тахографтарсыз); 2) ақауы жоқ тахографты ажыратып; 3) диаграммалық дискілерді толтырмай; 4) бұрын пайдаланылған диаграммалық дискілерді қолданып; 5) электрондық (цифрлық) тахографтарды қолданған жағдайда, электрондық карточкаларды пайдаланбай;	өрескел

	6) жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін күнделікті тіркеу парақтарын жүргізбей (бақылау құрылғысының ақауы болған жағдайда) пайдалану	
112.	Тасымалдаушының өзіне берілген шетелдік рұқсат беру құжаттарын басқа тасымалдаушыға беруі	өрескел
113.	Тасымалдаушының әр жүргізушінің толтырылған диаграммалық дискілерін соңғы жазба жазылған күннен бастап кемінде 12 ай бойы және тахографтарды тексеру туралы куәліктерді тахографтарды кезең сайын тексеру туралы куәліктерімен бірге оларды берген күннен бастап бір жыл бойы сақтауын қамтамасыз етпеуі	елеулі емес
114.	Шетел рұқсаттарын осы отандық тасымалдаушының рұқсат беру карточкасында көрсетілмеген автокөлік құралына пайдалану	өрескел
115.	Жол жүру парақтарының және тауар-көлік жүкқұжаттарының қозғалысын есепке алу журналында тіркелген жол жүру парақтарының және тауар-көлік жүкқұжатының автокөлік құралдарымен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру, тасымалдаушының жол жүру парақтарын, тауар-көлік жүкқұжаттарын және оларды есепке алу журналын бес жыл бойы сақтауды қамтамасыз етпеуі	елеулі
116.	Техникалық қарап-тексеру операторында қызмет көрсету аймағы шегінде көлік құралдарын міндетті техникалық қарап-тексеруді жүргізу үшін шығу кестесінің болмауы	елеулі
117.	Стационарлық және (немесе) мобильді техникалық қарап - тексеру желілерін пайдаланбай міндетті техникалық қарап - тексеруді жүргізу	өрескел
118.	Техникалық қарап-тексеру операторының қызмет көрсету аймағынан тыс жерлерде көлік құралдарына міндетті техникалық қарап-тексеруді жүргізуі	елеулі
119.	Техникалық қарап - тексеру операторларының көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігіне деректердің енгізілуін және механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне міндетті техникалық қарап - тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесінде, диагностикалық картада мәліметтің сақталуын қамтамасыз етпеуі	елеулі
120.	Техникалық қарап-тексеру операторының көлік құралының иесіне келесі міндетті техникалық қарап-тексеруден өту мерзімін көрсете отырып, техникалық қарап-тексерудің диагностикалық картасын бермеуі	өрескел
121.	Техникалық қарап-тексеру операторының техникалық қарап-тексеру орталығының орналасқан жерінің өзгергені туралы көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органды күнтізбелік бес күн ішінде хабардар ету жөніндегі міндетті орындамауы	өрескел
122.	Көлік құралдарын міндетті техникалық қарап - тексеруден өткізу және жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді көрсетуді қоса атқару	өрескел
123.	Техникалық қарап - тексеру операторының аумағында көлік құралдарын жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсетуі	өрескел
124.	Тұрғындарды қызмет өңірінде міндетті техникалық қарап - тексеруді жүргізу кестесі туралы хабардар етуді қамтамасыз етпеу	елеулі емес
125.	Астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда техникалық қарап-тексерудің стационарлық желілерін пайдаланбай міндетті техникалық қарап-тексеруді жүзеге асыру	елеулі

126.	Техникалық қарап-тексеру операторының міндетті техникалық қарап-тексеруді өткізуден негізсіз бас тартуы	өрескел
127.	Техникалық қарап-тексеру операторының техникалық қарап-тексеру операторларының тізіліміне енгізу кезінде дұрыс емес ақпарат беруі	елеулі
128.	Міндетті техникалық қарап-тексеруді бақылау-диагностикалық жабдықты қолданбай жүзеге асыру	өрескел
129.	Міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу кезінде ақаулы және (немесе) тексеруден өтпеген бақылау-диагностикалық жабдықты пайдалану	өрескел
130.	Техникалық қарап-тексеру операторының көлік құралының тежегіш жүйесін фото тіркелген роликті тежегіш стендінде тексеруді қамтамасыз етпеуі	өрескел
131.	Техникалық қарап-тексеру операторының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісіне және көлік құралының алдыңғы осін немесе тежегіш стендінің роликтеріндегі тіркеменің (жартылай тіркеменің) артқы осін бір мезгілде шолу қамтамасыз етілетін орында фото тіркеу құралын орналастырмауы	өрескел
132.	Техникалық қарап-тексеру операторының көлік құралын мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі бойынша сәйкестендіруді қамтамасыз ететін фото және бейне тіркеу арқылы міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізу процесін тіркеуді қамтамасыз етпеуі	өрескел
133.	Техникалық қарап-тексеру операторының барлық техникалық қарап-тексеру желісіне шолу қамтамасыз етілетін жерде бейне тіркеу құралын орналастырмауы	өрескел
134.	Техникалық қарап-тексеру операторының міндетті техникалық қарап-тексеру өткізілген күннен бастап бір жыл ішінде көлік құралдарын міндетті техникалық қарап-тексерудің және фото тіркеуді тексерудің барлық рәсімдерінің күнделікті жазбасының бейнефайлының мұрағаттық сақталуын қамтамасыз етпеуі	өрескел
135.	Техникалық қарап тексеру операторының Көлік құралдарын міндетті техникалық қарап тексеруді жүргізу нәтижелері туралы ақпаратты міндетті техникалық қарап тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесіне мынадай кезенділікпен беруінің болмауы: 1) стационарлық техникалық байқау желісі үшін-күн сайын нақты у а қ ы т р е ж и м і н д е ; 2) техникалық байқаудың ұтқыр желісі үшін - екі күнтізбелік күнде бір рет	өрескел
	Мынадай функцияларды мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етудің орындалуын қамтамасыз етпеу: 1) механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – БАЖ) а в т о р и з а ц и я л а у) ; 2) мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін тану; 3) диагностикалық жабдықтардан механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің техникалық жай-күйінің параметрлерін беру; 4) міндетті техникалық байқаудан өту мерзімділігіне сәйкес келесі міндетті техникалық байқаудан өту мерзімін автоматты түрде белгілеу; 5) нақты уақыт режимінде міндетті техникалық байқауды өткізу нәтижелері бойынша БАЖ-ға мәліметтер беру; 6) механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін тексеру нәтижелері бойынша техникалық байқаудың диагностикалық картасын	

136.	<p>қ а л ы п т а с т ы р у ;</p> <p>7) бақылау-диагностикалық жабдықты оған қосу болмаған кезде БАЖ-да техникалық байқаудың диагностикалық картасын қалыптастыруға және жөнелтуге және әкімші конфигурациялау кезінде алдын ала орнатылғаннан басқа, камералардың өзге де түрлерінен фотосурет алудан автоматты түрде бас тарту болып табылады;</p> <p>8) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі техникалық қарап-тексерудің диагностикалық картасын және өлшеу хаттамасын, сондай-ақ ауытқуларды көрсете отырып, көлік құралы белгіленген нормативтерге сәйкес келмейтін пункттері диагностикалық картаның екінші парағын экранға және баспаға шығару арқылы жүргізіледі;</p> <p>9) роликті тежегіш стендте тіркеменің (жартылай тіркеменің) алдыңғы білігінің немесе артқы білігінің тежегіш жүйесінің көрсеткіштерін алу кезінде көлік құралын фотокамерадан түсіруді қамтамасыз ету;</p> <p>10) бақылау-диагностикалық жабдықтардан, фотокамералардан және бейнекамералардан алынған деректерді түзетуге жол бермеу қағидаттарына негізделеді;</p> <p>11) деректер қорының резервтік көшірмесін жасау;</p> <p>12) дерекқорды резервтік көшірмелерден қалпына келтіру;</p> <p>13) HDD диск істен шыққан жағдайда деректер базасының тұтастығын т е к с е р у ;</p> <p>14) автоматты жаңартуларды орнатуды қолдау;</p> <p>15) МБҚ-ны жаңарту туралы ақпаратты логирлеу (тіркеу);</p> <p>16) IP, Web және аналогтық камералардың жұмысын қолдау;</p> <p>17) айына 1 (бір) рет құпиясөзді ауыстыру</p>	өрескел
137.	<p>Мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз етпеу:</p> <p>1) жергілікті есептеу желісін сырттан келетін қауіп-қатерлерден қорғау;</p> <p>2) пайдаланушының атын (логинін) және парольді тексеру негізінде пайдаланушыны сәйкестендіру және ашық кілттер инфрақұрылымының цифрлық сертификаттарына негізделген пайдаланушыны сәйкестендіру;</p> <p>3) тиісті рұқсаттардың болуын талап ететін МБҚ Ақпараттық-есептеу ресурстарына қол жеткізу үшін пайдаланушыны авторизациялау;</p> <p>4) пайдаланушылардың деректерді енгізу, түзету, қарау құқықтарын дербестендірілген (жеке) айқындау арқылы жүзеге асырылады;</p> <p>5) пайдаланушылардың МБҚ ресурстарына қол жеткізу құқықтарын дербестендірілген (жеке) айқындау арқылы жүзеге асырылады;</p> <p>6) хаттамалауды жұмыстарды пайдаланушылардың сыни функциялары мен қ о с ы м ш а л а р М Б Қ ;</p> <p>7) жүйелік файлдарды рұқсат етілмеген пайдаланушылардың және бағдарламалық процестердің өзгеруінен/зақымдануынан қорғау;</p> <p>8) қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің алдыңғы нұсқасы төтенше жағдай болған жағдайда сақталады;</p> <p>9) МБҚ бағдарламалық қамтылымның жаңартуларын Тестілеуді осы үшін арнайы бөлінген серверлік жабдықта орындайды;</p> <p>10) МБҚ құрауыштары функционалдық талаптарға, өнімділікке, басқа жүйелерге әсерге және осалдықтардың болмауына тестіленген;</p> <p>11) бағдарламалық жасақтаманың ескі нұсқалары мұрағатта барлық қажетті ақпарат пен параметрлермен, процедуралармен, конфигурация бөлшектерімен және қосалқы бағдарламалық жасақтамамен бірге мұрағатта сақталады</p>	өрескел
	<p>Электрондық (цифрлық) тахографтан көшірілген ақпаратты сақтау мерзімдері - кемінде 12 ай, сервис орталығының карточкасынан - кемінде 24 ай, сондай – ақ көшірілген ақпараттың резервтік</p>	

138.	көшірмелерінің сейфінде немесе сервис орталығының металл жәшігінде сақтау мерзімдері-кемінде 24 ай сақталмаған	елеулі
139.	Сервистік орталықтардың электрондық (цифрлық) тахографтар бойынша ұлттық дерекқорға өздерінің бағдарламалық-техникалық құралдарын қосуды қамтамасыз етпеуі	өрескел
Бақылау субъектісі беретін, оның ішінде мемлекеттік органдар, мекемелер және салалық ұйымдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы берілетін есеп мен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері		
1.	"Техникалық қарап – тексеру" бірыңғай ақпараттық жүйесіне және техникалық қарап - тексерудің диагностикалық картасына көлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі, маркасы, моделі және санаты, келесі міндетті техникалық қарап - тексерудің күні туралы жалған мәліметті, сондай-ақ көлік құралының тексерілетін параметрлері бойынша жалған мәліметті енгізу	өрескел
2.	Көлік құралының сәйкес емес санатында роликтік тежеу стендінде көлік құралының тежеуішін басқаруын тексеру	өрескел
3.	Көлік құралында фототіркеудің болмауы және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін және тежеуіш стендінің роликтерінде тұрған автомобильдің алдыңғы осін бір уақытта шолуын қамтамасыз етпеу	өрескел
Бақылау субъектісінің кінәсінан пайда болған қолайсыз оқиғалардың болуы		
1.	Жүкті, жолаушыларды және багажды автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде бақылау субъектісінің кінәсінан орын алған оқиғалар, өрт, оқыс оқиғалар, авариялар, апаттар, жол-көлік оқиғалары және өзге де төтенше жағдайлар	өрескел
2.	Автовокзалдарға, автостанцияларға және жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне қызмет көрсету кезінде бақылау субъектісінің кінәсінан орын алған оқиғалар, өрт, оқыс оқиғалар, авариялар, апаттар, жол-көлік оқиғалары және өзге де төтенше жағдайлар	өрескел
3.	Техникалық қарап - тексеру операторы қызметтерді көрсету кезінде бақылау субъектісінің кінәсінан орын алған оқиғалар, өрт, оқыс оқиғалар, авариялар, апаттар, жол-көлік оқиғалары және өзге де төтенше жағдайлар	өрескел
Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша берілген қорытынды құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсынымдар)		
1.	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымның белгіленген мерзімде орындалмауы	өрескел
Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны, мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурсын, бұқаралық ақпарат құралдарын талдау		
1.	Жолаушыларды, багажды және жүкті тасымалдау кезінде адамның денсаулығына зиян және өліміне әкелген автомобиль көлігі саласындағы бұзушылықтардың болуы (оның ішінде жол-көлік оқиғасы)	өрескел
2.	Жолаушыларды, багажды және жүкті тасымалдау кезінде адамның денсаулығына зиян және өліміне әкелмеген автомобиль көлігі саласындағы бұзушылықтардың болуы (оның ішінде жол-көлік оқиғасы)	елеулі емес

3.	Қауіпті жүкті тасымалдау кезінде адамның денсаулығына зиян және өліміне әкелген автомобиль көлігі саласындағы бұзушылықтардың (оның ішінде жол-көлік оқиғасы) болуы	өрескел
4.	Қауіпті жүкті тасымалдау кезінде адамның денсаулығына зиян және өліміне әкелмеген автомобиль көлігі саласындағы бұзушылықтардың (оның ішінде жол-көлік оқиғасы) болуы	елеулі емес
5.	Ірі көлемді және ауыр салмақты жүкті тасымалдау кезінде адамның денсаулығына зиян және өліміне, мемлекет мүддесіне зиян әкелген автомобиль көлігі саласындағы бұзушылықтардың (оның ішінде жол-көлік оқиғасы) болуы	өрескел
6.	Ірі көлемді және ауыр салмақты жүкті тасымалдау кезінде адамның денсаулығына зиян және өліміне, мемлекет мүддесіне, автомобиль саласындағы қозғалыс қауіпсіздігіне зиян әкелмеген автомобиль көлігі саласындағы бұзушылықтардың (оның ішінде жол-көлік оқиғасы) болуы	елеулі емес
7.	Міндетті техникалық қарап - тексеруді өткізу кезінде адамның денсаулығына зиян және өліміне, қозғалыс қауіпсіздігіне зиян әкелген автомобиль көлігі саласындағы бұзушылықтардың болуы	өрескел
8.	Міндетті техникалық қарап - тексеруді өткізу кезінде адамның денсаулығына зиян және өліміне, қозғалыс қауіпсіздігіне зиян әкелмеген автомобиль көлігі саласындағы бұзушылықтардың болуы	елеулі емес
9.	Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде адамның денсаулығына зиян және өліміне, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүддесіне зиян әкелген автомобиль көлігі саласындағы бұзушылықтардың (оның ішінде жол-көлік оқиғасы) болуы	өрескел
10.	Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде адамның денсаулығына зиян және өліміне, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің мүддесіне зиян әкелмеген автомобиль көлігі саласындағы бұзушылықтардың (оның ішінде жол-көлік оқиғасы) болуы	елеулі емес
11.	Тез бұзылатын жүкті тасымалдау кезінде адамның денсаулығына зиян және өліміне әкелген автомобиль көлігі саласындағы бұзушылықтардың (оның ішінде жол-көлік оқиғасы) болуы	өрескел
12.	Тез бұзылатын жүкті тасымалдауды жүзеге асыру кезінде адамның денсаулығына зиян және өліміне әкелмеген автомобиль көлігі саласындағы бұзушылықтардың (оның ішінде жол-көлік оқиғасы) болуы	елеулі емес
13.	Тахографтарды орнату мен қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру кезінде адамның денсаулығына зиян және өліміне әкелген автомобиль көлігі саласындағы бұзушылықтардың болуы	өрескел
14.	Тахографтарды орнату мен қызмет көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру кезінде адамның денсаулығына зиян және өліміне әкелмеген автомобиль көлігі саласындағы бұзушылықтардың болуы	елеулі емес
15.	Автовокзалдарға, автостанциялар мен жолаушыларға қызмет көрсету пунктеріне қызмет көрсету кезінде адамның денсаулығына зиян және өліміне әкелген автомобиль көлігі саласындағы бұзушылықтардың болуы	өрескел
16.	Автовокзалдарға, автостанциялар мен жолаушыларға қызмет көрсету пункттеріне қызмет көрсету кезінде адамның денсаулығына зиян және өліміне әкелмеген автомобиль көлігі саласындағы бұзушылықтардың болуы	елеулі емес

Уәкілетті мемлекеттік органдар және ұйымдар берген мәліметтерді талдау нәтижелері		
1.	Көлік саласындағы уәкілетті органның құзыретіне қатысты (оның қызметкерлері) автомобиль көлігі саласындағы бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты екі және одан артық материалдардың болуы туралы қауіпсіз жол қозғалысын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органнан ақпараттың болуы	өрескел
2.	Көліктік бақылау органдарының желіде және (немесе) автоматты режимде жұмыс істейтін және автомобиль көлігі саласында әкімшілік бұзушылық жасауды тіркейтін арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарының көрсеткіштері бойынша жасалған екі және одан артық әкімшілік материалдардың болуы	өрескел

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2021 жылғы 29 наурыздағы
 № 30 мен Қазақстан
 Республикасының Индустрия
 және инфрақұрылымдық даму
 министрінің міндетін
 атқарушының 2021 жылғы 26
 наурыздағы № 133 бірлескен
 бұйрығына
 2-қосымша

Қазақстан Республикасы
 Инвестициялар және даму
 министрінің міндетін
 атқарушының 2015 жылғы 14
 желтоқсандағы № 1205 және
 Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2015 жылғы 29 желтоқсандағы
 № 823 бірлескен бұйрығына
 2-қосымша

Теміржол көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1. Жалпы ережелер

1. Осы теміржол көлігі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі - өлшемшарттар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 141-бабының 3-тармағына, 143-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14 қыркүйекте 2018 жылы № 17371 болып тіркелген) мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларына және тексеру парақтарының нысанына сәйкес әзірленген.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) өрескел бұзушылық - жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдауды жүзеге асыру, жылжымалы

теміржол құрамын, магистральдық теміржол желісін және көлік инфрақұрылымы объектілерін пайдалану, ұстау кезінде адамны нөмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға және теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігі неқатер төндіретін нормативтік құқықтық актілер талаптарының бұзылуы. Магистральдық, станциялық, кірме жолдардағы және магистральдық теміржол желісіне енгізілмеген теміржолдардағы оқиғалар (апаттар, авариялар, соқтығысулар, жылжымалы құрамның құлауы, оқыс оқиғалар);

2) елеулі бұзушылық – рұқсат беру құжаттары және лицензияға қатысты, сондай-ақ жолаушылар поездары және теміржол вокзалдарында халыққа көрсетілетін қызметтер бойынша нормативтік құқықтық актілер талаптарын бұзушылық;

3) елеулі емес бұзушылық – теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігі, адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін, қоршаған ортаға әсер етпейтін, бірақ міндетті сипаттағы нормативтік құқықтық актілер талаптарын бұзушылық;

4) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

5) тексеру парағы - бақылау субъектілерінің қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге әкеп соғатын талаптарды қамтитын талаптар тізбесі.

6) тәуекел – темір жол көлігі саласында бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өмірі немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне, оның салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдылығы;

7) тәуекелдерді бағалау жүйесі – бақылаушы органмен субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тескеруді және профилактикалық бақылауды өткізу тағайындау мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жиынтығы;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызмет нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

9) теміржол көлігі саласындағы бақылау субъектілері – Ұлттық инфрақұрылым операторы, локомотивтік тартқыш операторы, қалалық рельс көлігі (метрополитен, трамвай), вагондар (контейнерлер) операторы, тасымалдаушы, тармақ иеленуші, теміржол көлігінің көмекші қызметі, меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде теміржол вокзалдарын иеленуші тұлғалар;

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

2. Объективті өлшемшарттар

4. Теміржол көлігі саласында тәуекелді айқындау адам өмірі және денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, қоршаған ортаға, сондай-ақ бақылау субъектілерінің (объектілерінің) авариясыз жұмыс істеуі, магистральдық теміржол желісін, теміржол жылжымалы құрамын, теміржолдарды, құрылыстарды, жабдықтарды, механизмдер мен тетіктерді ақаусыз ұстау шарттарын сақтамаудан зиян келтіру ықтималдылығы, авария салдарын жоюға байланысты жүзеге асырылады.

5. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғарғы тәуекел дәрежесіне теміржол көлігі саласындағы барлық бақылаудағы субъектілер (объектілер) жатады.

6. Объективті өлшемшарттар бойынша жоғарғы тәуекел дәрежесіне жатқызылған субъектілеріне (объектілеріне) қатысты, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау өткізу мақсатында субъективті өлшемшарттар қолданылады.

3. Субъективті өлшемшарттар

7. Субъективті өлшемшарттарды айқындау тексерулер нәтижесінің, мемлекеттік органдар, заңды және жеке тұлғалардан келіп түскен ақпарат, мәлімет, шағым және жүгінулердің және көлік оқиғалары бойынша ақпарат талдауының негізінде жүзеге асырылады.

8. Тәуекел дәрежесін бағалау үшін келесі ақпарат көздері қолданылады:

- 1) тексерілетін субъекті (объекті) кінәсінен көлік оқиғаларының орын алуы;
- 2) мемлекеттік органдар, заңды және жеке тұлғалардан адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға және теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігіне зиян келтіру, немесе қауіп төндіру туралы келіп түскен ақпараттар, мәліметтер, шағым және жүгінулердің болуы;
- 3) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылау нәтижелері;
- 4) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарының, бұқаралық ақпарат құралдарының талдауы;
- 5) уәкілетті органдар және ұйымдар ұсынған мәліметтер талдауының нәтижелері;
- 6) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары (Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытынды бойынша берілетін құжаттар (анықтама, қорытынды, ұсыным).

9. Осы өлшемшарттардың 9-тармағында көрсетілген ақпарат көздері негізінде осы өлшемшартқа қосымшаға сәйкес тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті

өлшемшарттары айқындалады, олар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері беріледі.

10. Субъективті өлшемшарттардың тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша бағаланады.

11. Алдыңғы тексерулер нәтижелері бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалау үшін бақылау субъектілеріне (объектілеріне) ұсынылатын бұзушылықтар өрескел, елеулі және елеулі емеске бөлінген.

Тәуекел дәрежесін есептеу кезінде орындалмаған өлшемшарттардың үлес салмағы анықталады.

Бір өрескел бұзушылық болған жағдайда, бақылау субъектісіне 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылық анықталмаса, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және елеулі емес бұзушылықтар бойынша қосынды көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7$$

мұндағы:

SP₃ – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP₁ – елеулі бұзушылықтардың қажетті саны;

SP₂ - анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Елеулі емес бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3$$

мұндағы:

SP_H – елеулі емес бұзушылықтар көрсеткіші;

SP₁ – елеулі емес бұзушылықтар қажетті саны;

SP₂ – анықталған елеулі емес бұзушылықтар саны.

12. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және елеулі емес бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы анықталады:

$$SP = SP_3 + SP_H$$

мұндағы:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP₃ – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_H – елеулі емес бұзушылықтар көрсеткіші.

13. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіші бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға жатады:

1) жоғарғы тәуекел дәрежесіне – 61-ден 100-ге дейін қоса алғандағы көрсеткіш кезінде және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі;

2) жоғарғы тәуекел дәрежесіне жатқызылмағандар - 0-ден 60-қа дейін қоса алғандағы көрсеткіш кезінде және оған қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

14. Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісін (объектісін) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қоюдың ескіру мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

15. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу еселігі жүргізілген талдау және субъективті өлшемшарттар бойынша алынған мәліметтерді бағалау нәтижелері бойынша жүргізіледі және мерзімділігі жылына бір рет.

16. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жартыжылдық бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тізімі негізінде жүргізіледі.

17. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау субъективті өлшемшарттар бойынша ең жоғары тәуекел дәрежесі көрсеткіші бар бақыланатын субъектілерінің (объектілерінің) басымдығын есепке ала отырып жасалады.

Теміржол көлігі саласындағы тәуекел
дәрежесін бағалау критерийлеріне
қосымша

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті критерийлері

Өлшемшарттардың атауы	Бұзушылықтар дәрежесі	
Бақылау субъектісі (объектісі) кінәсінен көлік оқиғаларының орын алуы		
1.	Нәтижесінде магистральдық, станциялық, кірме жолдар мен теміржолдарда жүк немесе жолаушылар поездарының жылжымалы теміржол құрамының соқтығысуына, жолдан шығып кетуіне жол берілген оқиғалар	өрескел
2.	Теміржол жылжымалы құрамның қалпына келтіруге болмайтын дәрежеге дейін зақымдалуына алып келген оқиғалар	өрескел
3.	Нәтижесінде жылжымалы құрамды ағыту және жөндеуге беру талап етілетін көлемде зақымдауға жол берілген оқиғалар	өрескел
Мемлекеттік органдар, заңды және жеке тұлғалардан келіп түскен ақпараттар, мәліметтер, шағымдар мен жүгінулердің бар болуы		

1.	Адам өмірі мен денсаулығына, теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігіне зиян келтіру немесе қауіп төндіру туралы келіп түскен ақпараттар, мәліметтер, шағымдар және жүгінулер	
Уәкілетті органдар және ұйымдар ұсынған мәліметтердің талдауы, мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарының, бұқаралық ақпарат құралдары талдауы		
1.	Теміржол көлігіндегі оқиғалар немесе адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіру туралы ақпараттардың расталуы	өрескел
Алдыңғы тексерулердің нәтижелері (бұзушылықтың ауыртпалық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеулі емес) Қазақстан Республикасының заң талаптарын сақтамаған жағдайда белгіленеді)		
1.	Жылжымалы құрамның мемлекеттік тіркеуінің болмауы	елеулі
2.	Кірме жолды пайдалану тасымалдау қағидаларына сәйкес тармақ иеленуші әзірлейтін және Ұлттық инфрақұрылым операторы бекітетін кірме жолдағы қозғалысқа қызмет көрсету және оны ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулықтың болмауы	елеусіз
3.	Жылжымалы құрам және арнайы жылжымалы құрамның (бұдан әрі – АЖҚ) жоспарлы-ескерту жөндеу түрлерінен және техникалық қызмет көрсетуден уақытылы өтпеуі	өрескел
4.	Қызмет мерзімі өткен, сондай-ақ өз осьтерінде алып тасталған (есептен шығарылған) теміржол жылжымалы құрамын магистральды теміржол желісінде пайдаланудың жүзеге асырылуы	өрескел
5.	Тартқыш жылжымалы құрамды, жолаушылар вагондарымен, АЖҚ жылына екі рет (көктемде және күзде) комиссиялық түрде қарап тексеру актісінің болмауы	елеулсі
6.	Жұмыс істеп тұрған локомотивтер, моторвагонды және АЖҚ оларды пайдалану қағидаларын білетін жұмыскердің, ал станциялық жолдарда - машинистің, АЖҚ жүргізушісінің немесе депо жолдары мен шаруашылық жүргізу субъектілері жолдарындағы олардың көмекшілерінің қадағалауын қалдыруы	өрескел
7.	Локомотивтер мен моторвагонды жылжымалы құрамда (өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамда) поездардың айналым бағыттары бойынша инфрақұрылымның поездық радиобайланыспен үйлесетін (инфрақұрылымда пайдаланған жағдайда) поездық радиобайланыс құрылғыларының, белгіленген көрсеткіштерді тіркейтін жылдамдық өлшегіштердің, автоматты локомотивтік сигнализацияның локомотивтік құрылғыларының және қауіпсіздік құрылғыларының болмауы	өрескел
8.	Бір машинист қызмет көрсететін маневрлік локомотивтерде оларды вагондардан дистанциялық ағыту құрылғыларының болмауы	өрескел
9.	Бір машинист қызмет көрсететін маневрлік локомотивтерде екінші басқару пультінің болмауы.	өрескел
10.	Бір машинист қызмет көрсететін маневрлік локомотивтерде артқы көрініс айналарының болмауы	өрескел
11.	Бір машинист қызмет көрсететін маневрлік локомотивтерде машинист кенеттен локомотив жүргізу қабілетінен айырылған кезде автоматты тоқтату құрылғыларының болмауы	өрескел
12.	Қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретін ақаулары бар жылжымалы құрамды, оның ішінде АЖҚ пайдалануға және поездарда жүрудің жүзеге асырылуы	өрескел
13.	Жылжымалы құрам, соның ішінде өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамның автоматты тежегіштермен, одан басқа жолаушылар вагондары, моторвагонды жылжымалы құрам және электрпневматикалық тежегіштермен	өрескел

	жабдықталған жолаушылар поездарын жүргізуге арналған локомотивтердің жабдықталмауы	
14.	Локомотивтер, жолаушылар, жүк вагондары, моторвагонды және АЖҚ қол тежегіштерімен жабдықталмауы	өрескел
15.	Жылжымалы құрам және АЖҚ теміржол жылжымалы құрам бірліктерінің өздігінен ажырауына жол бермейтін тіркеу құрылғысымен жабдықталмауы	өрескел
16.	Автотіркегіш осінің рельс бастиектерінің үсті деңгейінің үстінен биіктігі локомотивтерде, жолаушылар және бос жүк вагондарында - 1080 миллиметрден (бұдан әрі - мм). артық болмауы	өрескел
17.	Автотіркегіш осінің рельс бастиектерінің үстіңгі деңгейінің үстінен биіктігі локомотивтерде және адамдары бар жолаушылар вагондарында – кем дегенде 980 мм. болмауы.	өрескел
18.	Автотіркегіш осінің рельс бастиектерінің үстіңгі деңгейінің үстінен биіктігі жүк вагондарында (жүк тиелген) - кем дегенде 950 мм. болмауы	өрескел
19.	Автотіркегіш осінің рельс бастиектерінің үстіңгі деңгейінің үстінен биіктігі АЖҚ-да бос күйінде - 1080 мм. артық болмайды, тиелген күйінде – кем дегенде 980 мм. болмауы	өрескел
20.	Кез келген жөндеу, құрылыс және басқа жұмыстарды жүргізген кезде құрылыстар мен құрылғылардың габариттерін қамтамасыз етпеуі	өрескел
21.	Жолдың жанына түсірілген немесе тиеуге дайындалған жүктің құрылыстардың жақындау габариті бұзылмайтындай етіп жиналмауы және бекітпеуі	өрескел
22.	Жүктің (жол жұмыстарына арналып түсірілген балластан басқа) биіктігі 1200 мм. дейін болғанда ол шеткі рельс бастиегінің сыртқы қырынан 2,0 метрден (бұдан әрі – м.) жақын, ал биіктігі жоғары болғанда 2,5 м. жақын тұруы.	өрескел
23.	Темір жолдың барлық элементтері (жер төсемі, жоғарғы құрылысы және жасанды құрылыстар) пайдаланған кезде поездың осы учаскеде белгіленген жылдамдықтармен қауіпсіз және жатық қозғалысын қамтамасыз етпеуі..	өрескел
24.	Темір жол қисықтардың радиустары, түзулер мен қисықтардың жанасуы, еңістердің қия беткейлігіне қатысты желінің жоспарына және профиліне сәйкес келмеуі	өрескел
25.	Жолдың түзу және қисық учаскелерінде жолтабан енінің номиналдық өлшемдерден ауытқуының шамасын: тарту жағына қарай - 4 мм., кеңею +8 мм., ал қозғалыс жылдамдықтары сағатына 50 километр (бұдан әрі – км.) және одан төмен учаскелерде тарылу жағына қарай - 4 мм., ал кеңею - +10 мм . мөлшерінде белгіленбеуі	өрескел
26.	Жолтабан енінің номиналдық мөлшерден ауытқу шамасын 1512 мм. кем және 1548 мм. артық болмауы	өрескел
27.	Жолдардың түзу учаскелерінде жолды пайдалану бір рельстік жіктің екіншісінен 6 мм. биік қатынаста деңгейде ауытқу шамасы бойынша жүзеге асырылуы	өрескел
28.	Қисық учаскелерде сыртқы рельс жігінің жоғары тұруы 150 мм. артық болуы	өрескел
29.	Бағыттамалық үшкірлерінің және тартқыштары бар айқастырмалардың жылжымалы өзекшелерінің ажырауы орын алған бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды пайдалануы	өрескел
30.	Бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды үшкірде бірінші тартымның қарсы тұсында, үшкір айқастырманың өзегінің ұшында	өрескел

	стрелканың жабық күшінде өлшенетін үшкірдің рамалық рельстен айқастырмалық жылжымалы өзегінің жақтаудан 4 мм. және одан да артық кейін қалғанда пайдалануы	
31.	Бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды үшкірдің немесе жылжымалы өзекшенің үгітілуі кезінде жотаның төну қаупі туындайтын және барлық жағдайда ұзындығы басты жолда 200 мм. және одан көп пайдалануы	өрескел
32.	Үшкірдің немесе жылжымалы өзекшенің жотаның төну қаупі туындайтындай үгітілуіне және барлық жағдайда қабылдау-жөнелту жолдарында ұзындығы 300 мм. үгітілуге жол берілген жағдайда бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды пайдалануы	өрескел
33.	Үшкірдің немесе жылжымалы өзекшенің жотаның төну қаупі туындайтындай үгітілуіне және барлық жағдайда қабылдау-жөнелту жолдарында ұзындығы 400 мм. үгітілуге жол берілген жағдайда бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды пайдалануы	өрескел
34.	Үшкір басының немесе жылжымалы өзекшенің ені үстіңгі бетінде 50 мм. және одан астам болып келетін қимасында өлшенетін үшкірдің рамалық рельсінің қарсысында және жылжымалы өзекшенің жақтаудың қарсысында 2 мм. және одан астамға төмендеуіне жол берілген бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды пайдалануы	өрескел
35.	Бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды айқастырма өзекшесінің жұмыстың қыры мен жанама рельс тік қалпақшасының жұмыстық қырының арасындағы қашықтық 1472 мм. кем болғанда пайдалануы	өрескел
36.	Бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды жанама рельс пен жақтаудың жұмыс қырлары арасындағы қашықтық 1435 мм. артық болғанда пайдалануы	өрескел
37.	Бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды үшкірдің немесе рамалық рельстің опырылуына, айқастырманың (өзекшенің, жақтаудың немесе контррельстің) опырылуына жол берілгенде пайдалануы	өрескел
38.	Бағыттамалық бұрмаларды және тұйық қиылысуларды бір бұрандамалы ішпекте контррельстік бұрандаманың немесе қос болтты ішпекте екеуінің де ажырауына жол берілгенде пайдалануы	өрескел
39.	Жолдарды пайдалану рельстің табаны төсемелер ребордынан жоғары және 5 шпалдан немесе қатар төселген білеулерден асып түсетін рельс пен төсемдер арасындағы бунақ жолдарында саңылаулар анықталған жағдайлардан басқа жағдайларда пайдалануы	өрескел
40.	Темір жолдардың кірме және қосылу жолдарының қабылдау-жөнелту жолдарына және басқа станциялық жолдарға қосылу жерлерінде жылжымалы құрамның өздігінен станцияға немесе аралыққа қарай шығып кетуіне жол бермеу үшін сақтандырғыш тұйықтары, қорғағыш бағыттамалар, лақтырғыш табандықтар, лақтырғыш үшкірлер немесе түсіргіш бағыттамалардың болмауы тиіс. Сақтандырғыш тұйықтардың пайдалы ұзындығы кем дегенде 50 м. болмауы	өрескел
41.	Шектік бағаншалар жолтабандар аралығының ортасында қосылатын жолдардың осьтерінің арасындағы қашықтық 4100 мм. тең тұсында орнатылмауы	өрескел
42.	Жолтабан аралығының ені азайтылған жүкті аударып тиеу жолдарында шектік бағаншалар жолтабан аралығының ені 3600 мм. дейін жететін жерінде орнатылмауы	өрескел

43.	Теміржолдар арқылы жүріп өту және өту аймақтарында теміржол көлігі қозғалысының бұзылуын тудыратын заттарды теміржолдарға қоюы, тастауы, қалдыруы	өрескел
44.	Тармақ иеленушінің кірме жолдарды техникалық күтіп ұстауды қамтамасыз ету және жөндеу жұмыстарын жүзеге асырмауы	өрескел
45.	Тармақ иеленуші әрбір кірме жолға жолдың бойлық пішіні бар техникалық паспорттың екі данасының болмауы	елеусіз
46.	Тармақ иеленуші әрбір кірме жолға жасанды құрылыстар сызбасының екі данасының болмауы.	елеусіз
47.	Тармақ иеленушіде әрбір кірме жолға жолдар мен қойма алаңдарының түрін көрсете отырып, тиеу-түсіру (босату) орындары көрсетілген масштабты схема-жоспары пакетінің екі данасының болмауы.	елеусіз
48.	Жаңа объектілерді пайдалануға бергеннен кейін немесе олар жабылған соң техникалық паспортта тиісті өзгерістердің болмауы	елеусіз
49.	Он жылда бір рет жүргізілген кірме жолдардың жоспары мен бейінін аспаптық тексерудің болмауы	өрескел
50.	Тармақ иеленушілердің өздерінің орналасқан аумағы шегінде кірме жолдарды жарықпен, сондай-ақ кірме жолдарды қоқыс пен қардан тазалауын қамтамасыз етпеуі	елеусіз
51.	Тасымалдау процесіне қатысушы ұйымдардың бірінші басшыларының қауіпсіздікті жағдайларының бастапқы есепке алудың толық жүргізілуін және олардың дұрыс жіктелуін қамтамасыз етпеуі	елеусіз
52.	Жабық және мамандандырылған вагондардың шатырын, жүк тиеу люктерін тиелген жүктің қалдықтарынан тазаламауы, вагондағы трафареттік жазбаларды, сондай-ақ, вагонның рамасы мен жүріс бөлігін сұртпеуі	өрескел
53.	Тасымалдау процесіне қатысушылардың және жылжымалы теміржол құрамының иелерінің жылжымалы теміржол құрамына, сондай-ақ магистральдық, станциялық, кірме жолдарға жүргізілген жоспарлы жөндеу туралы ақпаратты жөндеу аяқталған кезден бастап уәкілетті органға бермеуі	елеусіз
54.	Дефектоскопия құралдары мен диагностика жүйелерін жарамды жағдайда ұстамауы және тиімді пайдаланбауы	елеулі
55.	Пайдаланылатын теміржол жылжымалы құрамының конструкциясына пайдалану сипаттамаларына әсерін тигізетін өзгерістер енгізуді пайдалану құжаттамасының талаптарын сақтамауы	өрескел
56.	Вагондардың барлық элементтері беріктігі, орнықтылығы және техникалық жай-күйі бойынша поездардың қауіпсіз және жатық қозғалуын қамтамасыз етеді	өрескел
57.	Техникалық қызмет көрсету кезінде қауіпсіздік және радиобайланыс құрылғыларының, тежегіш жабдықтарының және автотіркегіш құрылғысының, бақылау, өлшеу және сигнал беру аспаптарының, электр тізбектерінің жұмысының дұрыстығының болмауы	өрескел
58.	Жолаушылар вагондарының автотіркегішінде, сондай-ақ технология бойынша жолаушылар поезымен тіркеліп жұмыс істейтін АЖК, локомотивтің автотіркегішінде тігінен ауыстыруды шектегіштердің болмауы	өрескел
59.	Әрбір дөңгелек жұбының осінде дөңгелек жұбының қалыптастырылу және толық куәландырылу уақыты мен орны туралы анық белгінің, сондай-ақ қалыптастыру кезінде оны қабылдау туралы таңбалардың болмауы	өрескел
	Жүктелмеген дөңгелек жұбы дөңгелектерінің ішкі қырлары арасында 1440 мм. қашықтықтың болмауы. Жылдамдығы сағатына 120 км. жоғары және	

60.	сағатына 140 км. дейінгі поезддарда айналатын локомотивтерде және вагондарда, сондай-ақ өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрамда ұлғаю жағына қарай 3 мм. артық болмайтын ауытқуларға және кему жағына қарай 1 мм. артық болмайтын ауытқуларға рұқсат етіледі, жылдамдығы сағатына 120 км. дейін болғанда, 3 мм. артық болмайтын ауытқуларға жол беріледі	өрескел
61.	Жылжымалы құрамды, сонымен қоса АЖҚ-ны, егер оның дөңгелек жұбы осінің кез келген бөлігінде немесе оның құрсауында, бандажында, дискісінде және дөңгелек күпшегінде жарығы, дөңгелек сүйірленген қажағы болса, пайдалануға беруге және поездармен жүруі	өрескел
62.	"Patentes Talgo S.L." компаниясы шығарған жылдамдығы сағатына 160 км. дейінгі поезддарда жолаушы вагондарының дөңгелектерінің ішкі қырларының арасындағы қашықтық 1440 мм. болуға ауытқулары ұлғаюы жағына 3 мм. және азаю жағына да 1 мм. аспауға тиіс	өрескел
63.	"Patentes Talgo S.L." компаниясы шығарған жолаушы вагондары дөңгелектерінің жотасының қалыңдығы 28 мм. кем болмауға, дөңгелек құрсауының қалыңдығы – кем дегенде 40 мм., дөңгелеу шеңбері бойынша айналып жүруі 3 мм. артық болмауға тиіс.	өрескел
64.	"Patentes Talgo S.L." компаниясы шығарған жолаушы вагондары дөңгелектерінің сырғанау шеңбері бойынша дөңгелек диаметрлерінің айырмашылығы дөңгелек жұбын шығарып қайрау кезінде – 0,5 мм. артық болмайды, шығарусыз – 1 мм. артық болмайды	өрескел
65.	"Patentes Talgo S.L." компаниясы шығарған жолаушы вагондарының шектес вагондар арбаларының арасындағы дөңгелек диаметрлерінің айырмашылығы – 5 мм. артық болмайды	өрескел
66.	"Patentes Talgo S.L." компаниясы шығарған жолаушы вагондарының сырғанау бетінде тереңдігі 0,5 мм. дейінгі сырғақ (ойық) бар болған жағдайда , қозғалыс жылдамдығы сағатына 140 км. артық аспауы	өрескел
67.	"Patentes Talgo S.L." компаниясы шығарған жолаушы вагондарының сырғанау бетінде тереңдігі 0,5 мм. 1 мм. дейінгі сырғақ (ойық) бар болған жағдайда, қозғалыс жылдамдығы сағатына 120 км. артық аспауы	өрескел
68.	Қызмет ету мерзімі өткен вагондарға деполық және күрделі жөндеу жүргізеуі, олардың техникалық жағдайын Техникалық шешім бойынша диагностикадан өткізген соң орындалады, бұл ретте ұзартылған қызмет ету мерзімі 5 жылдан аспайды, вагондардың жалпы белгіленген қызмет ету мерзімі, ұзартуды ескергенде, шығарушы зауыттың базалық вагонға арналған техникалық шарттарында көрсетілген қызмет ету мерзімінің біржарымдық мөлшерінен аспауы	елеусіз
69.	Электр сақтандырғыш құрылғыларын, өрт сөндіру құралдарын, өрт сигнализациясы және локомотивтердегі және моторвагонды жылжымалы құрамдағы автоматика, манометрлер, сақтандырғыш клапандар, ауа резервуарларын белгіленген мерзімдерде сынақтан және куәландырудан өткізеуі	өрескел
70.	Жүк поезында автотіркегіштердің бойлық осьтерінің арасындағы биіктік бойынша айырмашылықты 100 мм. асырмауы.	өрескел
71.	Локомотив пен жүк поезының жүк тиелген бірінші вагоны арасында автотіркегіштердің бойлық осьтерінің арасындағы биіктік бойынша айырмашылықты 110 мм. асырмауы	өрескел
72.	Локомотив пен жолаушылар поезының бірінші вагоны арасында автотіркегіштердің бойлық осьтерінің арасындағы биіктік бойынша айырмашылықты 100 мм. асырмауы	өрескел

73.	Автотіркегіштердің бойлық осьтерінің арасындағы биіктік бойынша айырмашылықты сағатына 120 км. жылдамдықпен жүретін жолаушылар поезында 70 мм. асырмауы	өрескел
74.	Автотіркегіштердің бойлық осьтерінің арасындағы биіктік бойынша айырмашылықты сондай сағатына 121-140 км. жылдамдықпен 50 мм. аспауы	өрескел
75.	Автотіркегіштердің бойлық осьтерінің арасындағы биіктік бойынша айырмашылықты локомотив пен АЖҚ-тың жылжымалы бірліктері арасында 100 мм. аспау	өрескел
76.	Сағатына 161 км. және одан артық жылдамдықпен жүретін жолаушылар поезында вагондар арасының саңылаусыз автотіркегішпен жабдықталмауы. Теміржол көлігінің жолаушыларға, жүк жөнелтушілерге және жүк алушыларға қызмет көрсетуге байланысты, сондай-ақ поездар қозғалысына тікелей байланысты қызметкерлеріне жұмыс берушінің есебінен тиісті айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) бермеуі	өрескел
77.	Теміржол көлігінің жолаушыларға, жүк жөнелтушілерге және жүк алушыларға қызмет көрсетуге байланысты, сондай-ақ поездар қозғалысына тікелей байланысты қызметкерлеріне жұмыс берушінің есебінен тиісті айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) бермеуі	елеусіз
78.	Теміржол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарында мал жайылуы	өрескел
79.	Қауіптілігі жоғары аймақтарға өрттерді, аварияларды және басқа да табиғат апаттарын жою үшін өрт сөндірушілердің және авариялық-құтқару командаларының жауынгерлік топтары жедел және шұғыл медициналық көмек бригадаларын кедергісіз жіберу	өрескел
80.	Қауіптілігі жоғары аймақтарда объектілерді орналастыру және жұмыстарды жүргізуге Ұлттық инфрақұрылым операторы берген жазбаша рұқсаттың болмауы	өрескел
81.	Жүргізілетін жұмыс ерекшелігіне сәйкес техникалық іске жарамды құрал-саймандармен және техникалық құралдармен қамтамасыз етпеуі	өрескел
82.	Тасымалдау процесіне қатысушылар мен теміржол көлігінің көмекші қызметтерінің магистральдық, станциялық және кірме жолдарда қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуы туралы уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне хабарламауы	елеулі
83.	Әр локомотивке, вагон мен моторвагонды жылжымалы құрамның әр бірлігіне және АЖҚ-ға техникалық және пайдалану сипаттамалары қамтылған дайындаушы-зауыттың техникалық паспортын жүргізуі	елеусіз
84.	Шаруашылық, қала маңындағы поездардың құрамына адамдарды тасымалдау үшін енгізілетін жүк вагондарын тоқтату кранының болмауы	өрескел
85.	Қос жолды желілердің аралықтарындағы түзу учаскелердің жолдар осьтерінің арасындағы қашықтық 4100 мм. кем болмауға тиіс	өрескел
86.	Үш және төрт жолды желілерде екінші және үшінші жолдар осьтерінің арасындағы қашықтық 5000 мм. кем болмауға тиіс	өрескел
87.	Темір жол станцияларында (бұдан әрі - станциялар) түзу учаскелерде шектес жолдар осьтерінің арасындағы қашықтық 4800 мм. кем болмайды, екінші дәрежелі жолдар мен жүк аудандарының жолдарында 4500 мм. кем болмайды	өрескел
88.	Станцияларда бас жолдар шетте орналасқан болса, олардың арасындағы қашықтықтық 4100 мм.	өрескел
89.	Жүкті тікелей вагоннан вагонға қайта тиеуге арналған жолдардың осьтері арасындағы қашықтықтық 3600 мм.	өрескел

90.	Ұлттық инфрақұрылым операторында дистанцияда бар барлық жол шаруашылығын құрылыстары мен құрылғыларының сызбалары мен сипаттамаларының болмауы	елеусіз
91.	Ұлттық инфрақұрылым операторында станциялардың масштабтық және схемалық жоспарларының, барлық бас және станциялық жолдардың, сұрыптау дөңестерінің, сондай-ақ локомотивтер айналатын темір жол кірме жолдарының бойлық бейіндерінің болмауы	елеусіз
92.	Жер төсемінің үстіңгі жағындағы ені жолдың түзу учаскелерінде жолдың үстіңгі құрылысына сәйкес болмауы	өрескел
